

Жетістіктері:

«Туған жердің картасы» атты поэмасы 1974 жылы жабық байқауда жүлдеге ие болады. «Қорықтар әлеміне саяхат» деп аталатын топтама өлеңдері 1983 жылы Қазақстан табиғат қорғау қоғамының бірінші бәйгесін алды. Ақынның он томдық етіп дайындалған шығармаларының алдыңғы бес томы 2004-13 жж. «Жалын» баспасынан жарық көрді. Қазақтың «Қара өлеңін» жинап, жүйелеп құрастырып, толықтыруларымен екі рет шығарады (1989, 1997). Қара өлеңнің «Ғашықтық-сүйіспеншілік жырлары» деп аталатын тарауы 1994 жылы Мәдениет министрлігі мен Ғылым академиясының Әдебиет институты бірігіп жариялаған ауыз әдебиетін жинаушыларға арналған бәйгеде бірінші орын алды.

Халықаралық «Алаш», Мұқағали атындағы және Түркі әлемі «Ақбозат» әдеби сыйлықтарының лауреаты, «Тәуелсіздіктің 10, 20 жылдығы», «Ерен еңбегі үшін» медальдарының, «Құрмет» орденінің иегері, ҚР Мәдениет қайраткері, Панфилов ауданының Құрметті азаматы. Мұқағали атындағы сыйлықтың иегері.